Ф-ОБ-004/006

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЭКОНОМИКА,БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП КАФЕДРАСЫ**

**«БЕКІТЕМІН»**
**Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы**
**_________________ Д.Келесбаев**
**« _ _»______2023 ж.**

**ОТ 1201 Оқу тәжірибе**

**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру бағдарламасы – 6В04143-Есеп және аудит

Академиялық кредит( сағат) саны – 2/60

Оқу формасы-күндізгі

Курс – 1 Семестр –2

Қорытынды бақылау – Есеп

**Түркістан – 2023**

6В04143 – Есеп және аудит білім беру бағдарламасының оқу тәжірибе бағдарламасы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы; «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы; Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы; университеттің УЕ-ХҚТУ-025-2023 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу және практика базалары ретінде ұйымдарды айқындау ережесі және 6В04143 – Есеп және аудит білім беру бағдарламасы негізінде дайындалған.

Оқу тәжірибе бағдарламасын дайындаған:
Аға оқытушы М.Оспанкулова

Оқу тәжірибе бағдарламасы Экономика, қаржы және есеп кафедрасының 01.09.2023 ж. күнгі мәжілісінде қаралды (№ 1 хаттама )

Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушсіі ____________ Г.Азретбергенова

Экономика, басқару және құқық факультетінің 01.09.2023 ж күнгі оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданды . ( № 1 хаттама)

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы ____________ А.Алимбаева

# КІРІСПЕ

6В04143 -Есеп және аудит-білім беру бағдарламасының оқу тәжірибе жоғары оку орындарының білім алушыларының оқу тәжірибе туралы Ереже және осы білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды окытудын оку жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес ұйымдастырылады.

Білім алушылардың оқу тәжірибесі оку процесінің құрамдас бөлігі болып табылады, оны «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасы ұйымдастырады және ұйымдар, салалык министірліктер мен кәсіпкерлік құрылымдармен мамандарды дайындауға тығыз байланыста болады.

Оқу тәжірибе:

- тәжірибе алдындағы бірқатар оқу пәндерін оқу кезінде алынған теориялық білімді бекіту, кеңейту және тереңдету;
- өзіндік жұмыстың практикалық дағдыларын меңгеру,
- студенттерде мекемелердің (ұйымдардың) жұмыс істеуі туралы, ұйымды басқарудағы экономисттің орны мен рөлі туралы жалпы түсінік қалыптастыру.

Оқу тәжірибесін өту кезінде студент тәжірибе бойынша есеп жазу үшін қажетті бастапқы ақпаратты іріктеуді жүзеге асырады.

Оқу тәжірибесін ұйымдастыру үшін негізгі құжаттарға мыналар жатады:

1. Тәжірибенің мақсаты мен міндеті.
2. Тәжірибені ұйымдастыру және басшылық жасау.
3. Тәжірибе мазмұны.
4. Есеп беру және оны қорғау.

## 1. Оқу тәжірибе мақсаты мен міндеті

**Оқу тәжірибемақсаты**- алған теориялық білімдерін бекіту және тереңдету; таңдалған мамандық бойынша қажетті дағдыларды игеру; болашақ кәсіби қызметі туралы идеяларды кеңейту, білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық деңгейін арттыру, бақылау және коммуникация элементтеріне үйрету.

**Оқу тәжірибе міндеттері:**

-білім алушыларды Университеттің ұйымдастыру-құқықтық құрылымы мен даму тарихымен таныстыру

-білім алушылардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыру

-6В04143 –Есеп және аудитбілім беру бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламасымен таныстыру.

- бакалаврға қойылатын біліктілік талаптармен таныстыру

-ҚР –да Бухгалтерлік есеп ,қаржы қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарымен таныстыру

- университеттің есеп және қаржы қызметін ұйымдастыру жүйесімен арнайы терминологиямен таныстыру .

-тәжірибе бойынша есеп жазу және одан әрі аналитикалық зерттеулер жүргізу үшін қажетті ақпаратты жинау дағдыларын меңгеру;

-ұйым қызметін зерттеу нәтижелері бойынша есептер жазу дағдыларын қалыптастыру;

-еңбек ұжымында жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру

**Оқу тәжірибе сипаттамасы :** Оқу тәжірибесінде болашақ мамандардың кәсіптік даярлығы, базалық білімі мен практикалық іскерлігі, дағдысының өзара үйлесімділігі практика барысында қалыптасады. Білім алушылардың болашақ мамандығы жайлы білімдерін бекітіп, теориялық және практикалық білімдерін зерттеушілік мәселелерді шешуге қолдануға, тұлға мен ұжымды зерттейтін негізгі әдістерді білуге, ұжымда бірігіп жұмыс жасауға, ғылыми зерттеу әдістерін оқу-тәрбиелік әрекетте пайдалануға дайын болады.

**Білім беру бағдарламасындағы оқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес оқу практика келесі құзыреттердің дамуына бағытталған**

| Құзыреттер (Қ) | Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері (ББ ОН): |
|---|---|
| **Б6.Бухгалтерлік есеп және аудит саласында зерттеу жүргізу қабілеті** | **ОН 10-** бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерді жүргізеді |

**Оқу тәжірибенің оқыту нәтижелері:**

| Қ | ББ ОН | Тәжірибенің оқыту нәтижелері (ТОН) |
|---|---|---|
| **Б 6** | ОН 10 | ТОН 1- бухгалтерлік есеп, талдау және аудит саласындағы мамандардың кәсіби қызметінің жалпы негіздерін біледі<br>ТОН 2- кәсіби ақпарат көздерін талдай және сыни бағалай біледі, өзінің кәсіби шеберлік деңгейін сыни бағалай біледі; кәсіби ақпаратты іздеу, оның негізінде талдамалық шолулар мен есептер жасау дағдыларын, өзін-өзі дамыту және арттыру қабілетін меңгере алады<br>ТОН 3- кәсіби қызметте қолданылатын негізгі нормативтік құжаттар негізінде ақпаратты жинақтай біледі; кәсіби қызметте қолданылатын негізгі нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу жасау дағдыларын меңгереді; |
| | | ТОН 4- бухгалтерлік қызмет шеңберінде кәсіби функциялар туралы жүйелі білім қалыптастырпды<br>ТОН 5- білім алушы бухгалтерлік есепте есеп дайындауға қабілетті. тәжірибе бағдарламасына сәйкес тәжірибе туралы есептің негізгі ұғымдардың мазмұнын біледі,<br>ТОН 6–білім алушы кәсіби ақпаратты зерделеу негізінде қорытындыларды дербес тұжырымдай алады және өз көзқарасын дәлелдей алады; кәсіби ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алады; практика есебінде баяндалған материалға сәйкес сұрақтарға дәлелді жауаптар бере алады. |

## 2. Оқу тәжірибені ұйымдастыру және басшылық жасау

Оқу тәжірибе күндізгі оқу бөлімінде 1 курста 2 семестрде 2 аптабойы оқу процесінің кестесіне сәйкес жүргізіледі. Оқу тәжірибе жоғары оқу орнында болашақ кәсіби қызмет объектілері болып табылатын мекемелерге (ұйымдарға) экскурсиялар түрінде жүзеге асырылады.

Оқу тәжірибеден өту нәтижелерін білім алушылар есеп түрінде ұсынады. Тәжірибе бойынша есеп оқу практика аяқталғаннан кейін үш күнтізбелік күн ішінде бағдарлама тарапынан жауапты тұлғаға тексеруге тапсырылады. Оқу тәжірибеніңбарысын жалпы басқару мен бақылауды «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасы жүзеге асырады. Бағдарлама әдістемелік көмекті қамтамасыз ететін және практикадан өтуге жүйелі бақылауды жүзеге асыратын университеттен практика жетекшілерін тағайындайды.

Оқу тәжірибе бағдарламасы барлық білім алушылар үшін бірдей болып табылады. Ол нақты мекемелер (ұйымдар) мысалында зерттелуі тиіс мәселелер тізбесін қамтиды.

## 3. Оқу тәжірибе мазмұны

### 3.1 Оқу тәжірибе бағдарламасының құрылымы

Оқу тәжірибе мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, бағдарлама мекемемен ( ұйыммен) жалпы танысуды көздейді және 4 бөлімнен тұрады:
- мамандықпен және білім беру бағдарламасының негізгі құжаттарымен танысу
- мекеменің (ұйымның) жалпы сипаттамасы;
- қаржы департамен қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен танысу;
- мекеменің (ұйымның) қызметін реттеу және жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасын талдау.

### 3.2 Мекеменің (ұйымның) жалпы сипаттамасы

Оқу практикабағдарламасының осы бөлімі жалпы білім алушылардымекемемен (ұйыммен), оның шаруашылық және ұйымдық құрылымымен таныстыруды көздейді. Оны орындау үшін ұйымның құрылтай құжаттарымен (Жарғы) танысу, оның ұйымдық-құқықтық нысаны мен жалпы құрылымын анықтау, басқару органдарының функцияларын, өкілеттіктерін және өзара байланысын анықтау қажет.

Ұйымдарда экскурсиялар жүргізу кезінде тиісті ұйымнан тәжірибе жетекшісі студенттермен кіріспе дәрісін өткізеді, онда ұйым (кәсіпорын), оның мақсаты және негізгі қызмет түрлері; ұйымның жалпы құрылымымен, оның ішінде қаржы департамент қызметтердің, бөлімшелердің функциялары мен өзара байланысымен, басқару персоналы мен Қаржы Департамент бөлімшелер қызметкерлерінің жұмысын ұйымдастырумен таныстырады. Білім алушыларды қауіпсіздік техникасының жалпы талаптарымен таныстырады.

Оқу тәжірибе бағдарламасының осы бөлімі келесі мәселелерді қарауды қамтуы тиіс:

1. Мекеменің (ұйымның) құрылу және даму тарихы;
2. Мекеменің (ұйымның) жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрлері;
3. Мекеменің (ұйымның) ұйымдастыру-құқықтық нысаны және меншік нысаны;
4. Мекеменің (ұйымның) жоғары тұрған басқару органы;
5. Мекемені (ұйымды) басқарудың ұйымдық құрылымы;
6. Мекеменің (ұйымның) қосымша қызмет түрлері бойынша өндірістік құрылымы;
7. Зерттелетін мекеменің ( ұйымның) түрі, мөлшері, мамандану деңгейі, мақсаты, оқу процестің ерекшеліктері және басқа да белгілері;

### 3.3Қаржы деапртамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен танысу

Бұл бөлім ЖОО-да білім алушылармен қаржы департамент персоналды басқару бөлімі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, сондай-ақ басқа да

функционалдық бөлімдер мен ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын зерделеу негізінде орындалады.

### 3.4 Ұйымның (кәсіпорынның) жұмыс істеуі мен қызметінреттеудің нормативтік-құқықтық базасын талдау

«Экономикалық теория», «Бухгалтерлік есеп негіздері» пәндері бойынша теориялық білімді бекіту мақсатында білім алушылар оқу тәжірибеденөту кезінде шаруашылық субъектілерінің шаруашылық қызметін реттейтін заңнамалық базамен және нормативтік-құқықтық актілермен танысуы тиіс. Тәжірибебағдарламасының бұл бөлімін студенттер ЖОО-ның ғылыми кітапханасының оқу залында және университеттің компьютерлік сыныптарында 1 кестеге сәйкес орындайды.Тәжірибе бойынша есепте білім алушылар қойылған сұрақтарға жауап беруге және көрсетілген құжаттарды жариялау көздеріне сілтеме беруге міндетті.

Кесте 1 – Зерттеуге жататын номативті-құқықтық актілер мен мәселелер

| Атауы | Зерттеу мәселелері |
|---|---|
| ҚР-ның Азаматтық кодексі | Заңды тұлғалардың ұйымдастыру-құқықтық формалары |
| ҚР-ның Салық кодексі | Ұйымдармен төленетін салықтар (салықтардың тізімі, алу тәртібі) |
| ҚР-ның Еңбек кодексі | Еңбекке ақы төлеу және еңбек қатынастарын реттеу |
| ҚР қаржы қызметін ретееу жүйесіне қатысты заңнаманың және нормативтік актілердің талаптары | Қаржы институттарының ( Аймақтық қазынашылық бөлімнің, банктердің, сақтандыру компанияның, қор биржалардың, АҚ, ЖЗҚ т.б. ) Заңнамалық құжаттарының сипаттамасы |
| | |

### Дайындалатын құжаттар:

- Оқу тәжірибенің өтетін орынға жолдама
- Оқу тәжірибеге келу-кету туралы белгі құжаты
- Оқу тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі
- Оқу тәжірибенің күнделігінің үлгісі
- Оқу тәжірибе есебінің үлгісі

Ф-ОБ-004/006-1

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**Жолдама**

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

(негіздеме)

20____ж. «_______» ____________________

Білім алушы____________________________________________________________

аты-жөні, тегі

____________________________________________________________________________

____________________________________________________________________________

(мекеменің атауы)

______________________________ Оқу тәжірибеден өту үшін жолданады

Оқу тәжірибенің басталу мерзімі 20____ж. __ ____________________

Оқу тәжірибенің аяқталу мерзімі 20____ж. __ ____________________

Факультет деканы ________________________________________

МО____________________________

(қолы)

---------------------------------------------------------------------------------------------------

**Келу мен кету туралы белгі**

Білім алушы ____________________________________________________________

аты-жөні, тегі

Оқу тәжірибеден өту үшін _______________________________________________

____________________________________________________________________________

(Оқу тәжірибе базасыныңатауы)

**Келді** **Кетті**

____________________________________________________________________________

(мекеменің атауы)

20____ж. «______»_____________________ 20____ж. «______»_____________

МО__________________________МО__________________________

(қолы) (қолы)

| «Бекітемін»<br><br>**Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы,**<br>________________<br>*Аты-жөні*<br>« ____» ________ 2023ж. | «Келісілді»<br>**Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі**<br>(ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің жетекшісі)<br>______<br>Аты-жөні,тегі<br>.«______» ________2023ж. |
|---|---|

**Оқу тәжірибе жұмыс жоспар-кестесі**

6В04143- Есеп және аудитбілім беру бағдарламасыбойынша

Білім алушының________________________________________курс________

аты-жөні, тегі

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**

(оқу орнының атауы)

| р/с № | Оқу тәжірибесініңбағдарламасынасәйкесорындауға (оқытуға) жататынжұмыстартізбесі | Оқутәжірибеніңбағдарламасынорындаумерзімдері | | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | |
| 1 | | | | |
| 2 | | | | |
| 3 | | | | |
| 4 | | | | |
| 4 | | | | |
| 5 | | | | |

Қолы______________________________________________________________________

(оқу орнынан тәжірибе жетекшісі)

20____ж. «______» __________________

| «Бекітемін» | «Келісілді» |
|---|---|
| **Экономика, басқару және құқық факультетінің деканы**<br>________________**Д.Келесбаев**<br>*Аты-жөні*<br>« ____» ________ 2023ж. | **Экономика, қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі**<br>(ұйымның, кәсіпорынның, мекеменің жетекшісі) ______Г.Азретбергенова<br>Аты-жөні,тегі<br>.«______» ________2023ж. |

**Оқу тәжірибе жұмыс жоспар-кестесі**

6В04144- Қаржы  білім беру бағдарламасы бойынша

Білім алушының_______________________________________________курс________

аты-жөні, тегі

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті**

(оқу орнының атауы)

| р/с № | Оқу тәжірибесіңбағдарламасынасәйкесорындауға (оқытуға) жататынжұмыстартізбесі | Оқу тәжірибенің бағдарламасын орындау мерзімдері | | Ескерт пе |
|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | |
| 1 | Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің қызметі және ұйымдастырушылық құрылымынына сипаттама беру. Тарихымен танысу | 29.01.24 | 29. 29.01.24 | |
| 2 | Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің қаржы департаменті қызметімен танысу | 30.01.24 | 30.01.24 | |
| 3 | ЖОО-ның ғылыми кітапханасының қызмет етуі мен оның қызметін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттарға щолу жасау | 31.01.24 | 31.01.24 | |
| 4 | ЖОО-ның студент терге әлеуметтік қызмет көрсету салаларының (медициналық пунктте, асханада, спорт кешенінде, мәдениет сарайында) қызмет ету мен оның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу жасау | 01.02.24 | 02.02.24 | |
| 4 | Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің құрылымы мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметімен танысу | 05.02.24 | 05.02.24 | |
| 5 | 6В04144- Қаржы білім беру бағдарламасымен танысу | 06.02.24 | 06.02.24 | |
| 6 | Лім беру саласының қызметіне сипаттама беру. Түркия Республикасы білім беру саласымен салыстыру жүргізу | 07.02.24 | 7.02.24 | |
| 7 | Оқу практикасын қорытындылау, есеп жазу және қорғауға дайындау | 09.02.24 | 09.02.24 | |

Қолы___________________________________________________________

(оқу орнынан тәжірибе жетекшісі)

20____ж. «______» __________________

**. Оқу тәжірибе күнделігінің үлгісі мен оны толтыру тәртібі**

*Ескерту*: Оқу тәжірибетапсырмаларының түрлері мен бағалау тәртібі белгіленеді.

**Оқу тәжірибеден өтуі туралы күнделік-есеп**

Білім алушы ____________________________________________________________
аты-жөні, тегі

| р/с № | Оқу тәжірибенің бағдарламасынасәйкесәркүнүшінорындалған (оқыпболған) жұмыстардыңатауы | Оқу тәжірибеніңжеке тақырыптарының, жұмыстарының орындау мерзімдері | | Оқу тәжірибе жетекшісінің қолы |
|---|---|---|---|---|
| | | басталуы | аяқталуы | |
| 1. | | | | |
| 2. | | | | |
| 3. | | | | |
| 4. | | | | |
| 5 | | | | |
| 6 | | | | |
| 7 | | | | |

Білім алушының қолы ________________
20_____ж. «_____» ____________________

____________________________________________________________
(Оқутәжірибенің тікелей жетекшісі)
20_____ж. «_____» __________________________

2. Білім алушы практиканттың мадақтамалары мен жазбалары

________________________________________________
________________________________________________
________________________________________________
________________________________________________
________________________________________________
________________________________________________

## 4.Есеп беру және оны қорғау

### 4.1. Оқу тәжірибе есебінің құрылымы

**1.Мекеменің немесе ұйымның ұйымдастыру-құқықтық формалары**

1.1. Жеке және заңды тұлға түсінігі, олардың ерекшеліктері
1.2.Мекеме немесе ұйымның меншік типі.
1.3. Мекеме немесе ұйымның атқаратын қызметтері

**2. Мекеменің ( ұйымның) кәсіпорындар және қаржы инстиуттарымен байланысы**

2.1. Бюджеттік қаржыны игеру жүйесі
2.2 Банктермен ара қатынастық байланыс жүйесі
2.3. Салық органдармымен ара қатынастық байланыс жүйесі
2.4. Жеткізуші кәсіпорындармен ара қатынастық байланыс жүйесі

**3. Еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу жүйесі**

3.1. Еңбекке акы төлеудің жүйесі мен негізгі формаларын сипаттау.
3.2. Мекеме ( ұйым) қызметкерлері. Қызметкерлер категориясы: негізгі және көмекші қызмпеткерлер. Басқарушы және неізгі оқу персонал. Кадр құрылымы.

**4.Мекеме (ұйым) қызметінің нәтижелері**

4.1.Мекеменің (ұйымның) шығын түсінігі және түрлері, шығындардың жіктелуі.
4.2.Мекемпенің (ұйымның)табысы және оның көрсеткіштері.

**5.Оқу тәжірибе есептерінің дайындау тәртібі мен қорғау**

Білім алушылароқу тәжірибе есебіне келесі мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға тиісті:

1. Жолдама *(1-қосымша, Оқу орнына қайтарылатын бөлігі)*
2. Оқу тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі *(2-қосымша)*
3. Оқу тәжірибені өтуі туралы күнделік-есеп*(3-қосымша)*

4. Оқу тәжірибеа өту кезінде орындалған қызметтің сипатамасынан, алынған білімдер дағдылардан, жиналған мәліметтермен жұмыс істеудегі қиындықтарды талдаудан, өзінің шығармашылық жетістіктері мен кемшіліктерін бағалаудан тұратын, жүргізілген жұмыс бойынша есеп.

**Оқу тәжірибе бойынша есеп келесі құрылымнан тұру керек:**

Оқутәжірибеніңнәтижесін білім алушы жазбаша есеп беру және күнделік түрінде көрсетеді.Есеп беру мен күнделік жұмыс жоспары бойынша жазылуы тиіс және тәжірибе бағдарламасына сәйкес болуы керек, ал оның көлемі компьютермен басылған мәтіннің 10-15 беттен кем болмауы тиіс. Есепті әр білім алушы жеке жасайды.Есеп материалы анық

және қисынды баяндалуы тиіс. Әдеби көздерден алынған материалдарды пайдалану кезінде оларға сілтеме жасау қажет.

Есеп құрылымы және оның бөліктерінің орналасу реті мынадай:

1. Негізгі бет (Қосымша А) оқу практиканы өту бойынша есептің бірінші беті болып табылады
2. Мазмұны.
3. Кіріспе
4. Жалпы бөлім.

4.1. Ұйымның (кәсіпорынның) жалпы сипаттамасы.

4.2. Қаржы Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарымен танысу.

4.3. Ұйымның (кәсіпорынның) жұмыс істеуі мен қызметін реттеудің нормативтік-құқықтық базасын талдау.

5. Пайдаланылған әдебиеттер

6. Қосымша (қажет болған жағдайда).

Есеп беру мен күнделіктің бірінші беті 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген.Білім алушыныңпрактиканы өткізу сапасы мен есеп беру мазмұны бойынша университеттен практика жетекшісі қорытынды жазады.

Мекемедегі қолданыстағы есеп құжаттар бланкісі, тіркелім, ережелер, нұсқаулар, есептілік түрлері және қосалқы мәліметтерді мәтін бойынша сілтеменің пайда болу тәртібіне сәйкес қосымшаларға орналастыру қажет.

Есеп А4 үлгісіндегі ақ қағаз бетінде беттің бір жағында баспалық тәсілмен – қаріп айқын болу керек, жолдар арасындағы арақашықтық 1 интервалынанкем емес (Times New Roman – 14 пт.).Қағазда мәтінді орналастыру кезінде шеттерді сақтау: сол 3см, оң –1,5 см, жоғарғы және төмен – 2 смтең.

## 6.Оқу тәжірибенәтижесін қорытындылау

1. Оқу тәжірибе қорытындысын шығару үшін білім алушы «Экономика,қаржы және есеп» кафедрасына есебін тапсырады.

2. Білім алушының есебін тәжірибе жетекшісі тексереді және кафедраменңгерушінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады.

3.Есеп беруді қорғау үшін комиссия құрамына кіретіндер: тәжірибеге жетекшілк ететін курсты жүргізуші оқытушы, аға оқытушы немесе доцент, мүмкіндігінше тәжірибе базасы өкілдері қатысады.

4.Әр білім алушы оқу тәжірибе нәтижесін комиссия алдында қорғайды. Есеп беру сапасымен қойылған сұрақтарға жауаптары бойынша комиссия білім алушыға баға қояды.

5.Тәжірибе бағдарламасын орындамағаны туралы жағымсыз пікір немесе есеп беруді қорғауда қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы өз есебінен білім алушының каникул кезінде қайтадан тәжірибеге жіберіледі немесе университеттен шығарылуы туралы мәселе қаралады.

## Оқу тәжірибеге қойылатын баға критерийлері

**Өте жақсы (90-100 бал)**

Тәжірибе туралы есеп ұсынылды. Тәжірибеден өту нәтижелері бойынша негізгі қорытындыларды көрсететін баяндама мен презентация дайындалды. Білім алушы есептің, баяндаманың, презентацияның мазмұнын еркін түсіндіреді, сұрақтарға жауап

береді, ұғымдық аппаратты еркін меңгереді, оны экономикалық құбылыстарды талдауда қолдана алады. Тақырып бойынша нақты материалды білу және еркін білу. Шешім қабылдау және іске асыру принциптерін терең біледі. Мәселелерді анықтап, талдай алады және оларды шешу жолдарын ұсынады. Нәтижені бағалай алады. Сөйлеуді еркін меңгеру, материалды ұсынудағы логика мен жүйелілі бар

**Жақсы (70-89 бал)**
Тәжірибе туралы есеп ұсынылды. Зерттеу нәтижелері бойынша негізгі тұжырымдарды көрсететін баяндама мен презентация тұжырымдамалық аппаратқа ие, бірақ оны қолданған кезде дәлсіздікке жол береді. Нақты материалды ұсынудағы шамалы дәлсіздіктер. Шешім қабылдау принциптерін анықтауда кішігірім қателіктер жібереді. Мәселелерді талдау мен анықтауда және шешімдерді ұсынуда жеке дәлсіздіктер мен қиындықтарға жол береді. Материалды ұсынудың қисындылығы мен дәйектілігінде жеке қиындықтар туындайды.) .

**Қанағаттанарлық ( 50-69 бал)**
Тәжірибе туралы есеп бойынша негізінен ұғымдардың мазмұнын біледі, бірақ оларды қолдануда қателіктер жібереді. Нақты материалды ұсынуда қиындықтар туындайды. Шешім қабылдау принциптерін анықтауда айтарлықтай қиындықтар туындайды. Нақты материалды талдауда және проблемаларды шешуде айтарлықтай қиындықтар туындайды. Материал негізінен жүйесіз және логикалық байланыстардың бұзылуымен сипатталады.

**Қанағаттанарлықсыз ( 0-49 балл)**
Құзыреттер қалыптаспаған: тәжірибе туралы есеп ұсынылмаған. Пән бойынша негізгі ұғымдарды білмейді. Нақты материалға ие емес. Шешім қабылдаудың негізгі принциптері туралы білім жоқ. Нақты жағдайларда бухгалтерлік есеп және есептілік сипаттағы проблемаларды талдай және анықтай алмайды. Материалды ұсынуда логиканың болмауы

**Оқутәжірибені багалаудың балдьқ -рейтингпк әріптік жуйесі**

| Әріп жүйесіндегі баға | Цифрлік эквивалент | Балы (% дық мазмұны) | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4.0 | 95-100 | Өте жақсы |
| A - | 3.67 | 90-94 | |
| B + | 3.33 | 85-89 | Жақсы |
| B | 3.0 | 80-84 | |
| B - | 2.67 | 75-79 | |
| C+ | 2.33 | 70-74 | |
| C | 2.0 | 65-69 | Қанағаттанарлық |
| C- | 1.67 | 60-64 | |
| D+ | 1.33 | 55-59 | |
| D- | 1.0 | 50-54 | |
| FX | 0.5 | 25-49 | Қанағаттаннарлықсыз |
| F | 0 | 0-24 | |

Оқу тәжірибеден өту нәтижелері бойынша қорытынды балл білім алушыны курстан курсқа өткізу кезінде үлгерімділігінің (GPA) орта балын шығаруда және академиялық рейтингісін анықтау кезінде есепке алынады.

## 7.Пайдаланылған әдебиеттер мен нормативтік құжаттар

**Негізгі әдебиеттер:**
1. ҚР «Білім туралы» Заңы ( 01.09.22 күнге өзгерістер мен толықтыруларымен)
2.28,02,2007 ж. №234 «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік» туралы ҚР Заңы
3.ҚР «Салық және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Заңы (соңғы өзгерістермен)
4. Бухгатерлік есеп негіздері.Оқу құралы. Р.Абдущукуров, Б.Мырзалиев. Алматы, 2014
5..Бухгалтерлік есепті жүргізудің әдістемелері. Оқу құралы. Р.Абдушукуров, Б.Мырзалиев. Алматы, 2014
6. Основы бухгалтерского учета. Учебное пособие. Б.Султанова, Алматы, 2019
7. Основы бухгалтерского учёта. Учебное пособие. Г. Б. Кенжебаева. - Алматы :Қазақун-ті, 2021
8.Сарсембаева, Г. Б. Основы бухгалтерского учета. Учебное пособие.2023ж

**Мерзімді басылымдар**:
1.Қаржы-Қаражат - Финансы Казахстана. Ежемесячный журналМинистерства финансов Республики Казахстан.
2.Статистика жөніндегі Агенттіктің жылнамасы. Алматы. Статистика жөніндегі Агенттік
**Интернет желісі:**
1. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі -http://www.minfin.kz.
2.Қазақстан Республикасының ҚазақстанРеспубликасының экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі - http://www.minplan.kz;
3. Қоғамдық мәселелерді талдау Орталығы (http://www.pprc.kz)
4.Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы стратегиялықзерттеу институты (http://www.kisi.kz)
5.www.nationalbank.kz
6. www.afn.kz

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЭКОНОМИКА, БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ЭКОНОМИКА, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП КАФЕДРАСЫ**

**ОҚУ ТӘЖІРИБЕ**
**ЕСЕБІ**

Білім алушы________________________________________________курс ______

***Оқу тәжірибе мерзімі*** _________20____ ж- _________ 20____ ж.

***Оқу тәжірибе өткен орны мен мекемесі:* __________________________________**

Мекеме
М.О

***Есеп тексерілді:***

Оқу тәжірибе жетекшісі _________________________күні «___» ____ 202__ж.

***Есеп қорғалды:***

күні____________________ бағасы ___________

**Комиссия:** ______________________________________________
*(аты-жөні)* *(қолы)*
______________________________________________
*(аты-жөні)* *(қолы)*
______________________________________________
*(аты-жөні)* *(қолы)*
______________________________________________
*(аты-жөні)* *(қолы)*

**Түркістан -20___**

***Ф-ОБ-004/006-5***

(Тәжірибе бағдарламасының соңғы бетінің үлгісі)

*Тәжірибеа бағдарламасына енгізілген*
*толықтырулар мен өзгертулер*

Тәжірибе-
Мамандығы –
20___- 20___ оқу жылы

20___ - 20____ оқу жылында тәжірибебағдарламасына енгізілген өзгертулер:

Оқу тәжірибе бағдарламасы«Экономика, қаржы және есеп кафедрасының мәжілісінде қайта қаралған және мақұлданған
Хаттама № 1«01»09 2022 ж. Кафедра меңгерушісі

Енгізілген өзгерістерді бекітемін:
Экономика, басқару және құқық факультетінің
деканы ______________________
«_____» ___________ 20___ ж.